

Семей Мемлекеттік Медицина Университеті

тақырыбы:

“Өмір сүру ортасындағы
қауіпті жағдайлар”.

Лектор: м.ғ.к.
Козыкенов А.А.

Өмір сүру ортасы

- Өмір сүру ортасы – адам өміріне, денсаулығына, еңбекке жарамдылығына және ұрпағына тура немесе жанама (физикалық, биологиялық, химиялық, әлеуметтік) факторлармен әсер ететін қоршаған ортаны айтамыз.
- Өмірлік цикл барысында адам және қоршаған орта ажырамас қарым-қатынаста болады, сонымен қатар адам өзінің физиологиялық және әлеуметтік қажеттіліктерін жүзеге асыру кезінде “адам – қоршаған орта” деген жүйені құрады.

- Қоршаған ортаны құрамына қарай: **табиғи, техногенді, өндірістік, тұрмыстық орта** деп бөлінеді. Әр бір орта адам үшін қауіп төндіруі мүмкін.
- **Табиғи орта (Биосфера)** – техногенді (атмосфера, гидросфера, литосфераның жоғарғы бөлігі) ортаның әсерінсіз Жер шарындағы өмірдің таралып жалғасуы. Бұл ортаның – адамды негативті факторлардан қорғайтын қорғаныштық әсері бар. Сондықтан адам негативті факторлардан қорғану үшін техносфераны құруға міндетті болды.
- **Техногенді орта (техносфера)** – әлеуметтік және экономикалық қажеттіліктерге байланысты табиғи ортаны жақсарту барысында техникалық заттар мен адамның көмегі арқылы құрылған орта.

- Өмір сүру қауіпсіздігі – қауіпті заттар мен одан қорғанудың әдістерін оқытатын ҒЫЛЫМ.
- **Қауіптілік** – адам денсаулығына әсер ететін және өлімге әкелетін табиғи, техногенді, экологиялық, әскери және басқа да салалардағы қауіп-қатер.
- **Өмір сүру қауіпсіздігін** оқытудың негізгі мақсаты – адамды техносферада негативті әсер ететін антропогенді және табиғи заттардан қорғап, өмір сүруге қолайлы жағдайға қол жеткізу болып табылады.

- **Өмір сүру қауіпсіздігінің мәселелерін шешу – адамға және адам өміріне қолайлы жағдаймен қамтамасыз етіп, қоршаған ортаның қауіп факторларынан қорғау. Әрбір қауіп үшін адам өз өмірімен және денсаулығымен жауап беріп, “адам – қоршаған орта” жүйесін құрады.**
- **Өмір сүру қауіпсіздігінің зерттеу объектісі – “адам – қоршаған орта” жүйесінің процесстерімен бірге, теріс әсер ететін құбылыстар комплексі болып табылады.**

- **Қауіптілік** – тірі және өлі материяның негативті қасиеттері адам, табиғи орта және материалды құндылықтарға зиян тигізуін айтамыз.
- **Қауіптілік** – өмір сүру қауіпсіздігінің орталық түсінігі. Қауіптіліктің бірнеше түрлері бар: табиғи, техногенді, антропогенді.
- **Табиғи күнделікті қауіптіліктер** – биосферадағы табиғи жарықтану және ауа райы өзгеруі әсерінен болатын, климаттық және табиғи құбылыстарды айтамыз. Осындай құбылыстардан (ыстық, суық және т.б.) қорғану үшін адам – тұрғын үй, киім, жылу, вентиляциялық жүйелер, кондиционерлік жүйелерді және жасанды жарықтандыруды қолданады. Тіршілікті қолайлы жағдаймен қамтамасыз ету – күнделікті табиғи қауіптілік мәселелерін шешеді.

- Негативті құбылыстар әсері – адамға және қоршаған ортаға табиғи қауіптіліктермен шектелмейді. Адам өзін материалды құндылықтарын қамтамасыз ету барысында қоршаған ортаға (техникалық заттар және т. б.) әсер етіп, техногенді және антропогенді қауіптілікке әкеледі.
- Техногенді қауіптілікті техносфера элементтері туғызады – көлік, ғимараттар салу, техникалық заттар, ал антропогенді қауіптіліктер – жеке адамның немесе топталған адамдардың қателіктерінен туындайды.

- Зиянды фактор – негативті құбылыстардың адамның көңіл күйін немесе денсаулығын нашарлататын әрекет.
- Жарақаттаушы фактор – негативті құбылыстардың адам денесін жарақаттап немесе өлімге әкелетін әрекет.
- Тұрмыстық жағдайда бізді көптеген негативті факторлар қоршап жатыр. Оларға: ластанған ауа, ластанған және сапасыз тағамдар, ЖЭС өнімдері, өндірістік орындардың қалдықтары, көліктранспорты, ластанған су, шу және инфрадыбыс, тербеліс, (теледидар, дисплей, радиожелілік құрылымдар) электромагнитті өрістер, иондаушы сәулелер, дәрілік заттарды дұрыс қолданбау, бактериялар, аллергиялар, вирустар жатады.

Қауіптің жіктелуі

№	Жіктелу белгілері	Түрі (класс)
1.	Қауіп көзінің түрлері бойынша	1)Табиғи; 2)Антропогенді; 3)Техногенді
2.	Тіршілік ағынының түрі бойынша	1)Энергиялық; 2)Көлемді; 3)Ақпараттық
3.	Тіршілік ағынының мәні бойынша	1)Рұқсат етілген; 2)Барынша рұқсат етілген; 3)Қауіпті; 4)Аса қауіпті.
4.	Қауіптіліктің пайда болу кезеңі бойынша	1)Болжам; 2)Спонтанды
5.	Қауіптіліктің әсер ету ұзақтығы бойынша	1)Тұрақты; 2)Ауыспалы, ретті; 3)Қысқа уақытты;
6.	Қауіптілікке шалдыққан адам саны бойынша	1)Жеке; 2)Топтық; 3)Көлемді

7.	Әсер ету аймағының көлемі бойынша	1)Жергілікті; 2)Аймақты; 3)Аймақ аралық; 4)Ғаламдық
8.	Әсер ету аймағының түрі бойынша	1)Ғимаратқа әсер ететін; 2)Территорияға әсер ететін
9.	Адамның қауіптілікті басқа сезіммен салыстыру қабілеті бойынша	1)Сезіну; 2)Сезінбеу
10.	Адамға әсер етеін негатиті құбылыстардың түрі бойынша	1)Зиянды; 2)Жарақаттық.
11.	Адамның қоршаған ортаға әсер етуі бойынша	1)Потенциальды; 2) Орындалатын; 3) Орындалған

- Потенциальды қауіптілік – белгілі бір аймақ пен уақытқа бағынбайтын жалпы қауіптілікпен сипатталады. Мысалы: “шу адам үшін зиянды”, “көмірсу өрт шақыратын қауіпі бар” десек, бұл жерде шу мен өрт заттары адам үшін потенциалды қауіптілік болып табылады. Потенциальды қауіптілік мынадай аксиомадан өз көрінісін табады: **“Адамның өмір сүруі потенциалды қауіпті”**. Аксиома – адамның іс-әрекетінің және қоршаған орта компоненттерінің, соның ішінде техникалық заттар және технологияның зиянды факторлары және жарақаттық әсері бар екендігіне көз жеткізеді.

- Адамның өмір сүруі потенциалды қауіптілігі, табиғи, техногенді, антропогенді құбылыстардың әсер етуінен болып отыр. 2000 жылы Ресейде жарақат пен уланудың әсерінен 310503 адам қаза болды, яғни жалпы жылдық өлімнің халық санына шаққанда 14% құрайды.
- Ресейде ересек тұрғындардың жарақат алған ортасына байланысты % бойынша былай бөлінеді:
 - а. Өндірістік орындарда – 10
 - в. Тұрмыстық орындарда – 60
 - с. Көшеде – 21
 - д. Көлікте – 2,5
 - е. Басқа орындарда – 6,5

- Қауіптіліктің әсер етуі өндіріс орынында, қалада жиі ұзақ болады, сондықтан қоршаған ортаның жағдайларына тұрақты тексеру, бақылау жүйелерін орнату керек. Оны мониторинг жүйесі орындайды.
- Мониторинг – қоршаған ортаны бақылап және негативті құбылыстардың пайда болуын ескертетін жүйе болып табылады.

Халықтық денсаулық сақтау және арудың алдын-алу бойынша Мемлекеттік ақпараттық стратегия қосу керек:

- Өндірістік орындардың токсикалық қалдықтары және оларды лақтыру туралы халыққа ақпарат беру;
- Негативті факторлармен әсер ететін өндіріс орындарында жасайтын және олардың денсаулығына әсер ететін адамдар туралы ақпарат беру;
- Аймақтағы халықтың денсаулығы және кәсіби аурулары туралы ақпарат беру;
- қауіптіліктен қорғану үшін қорғану құралдары мен әдістері туралы ақпарат беру;
- Қоршаған ортаның қауіпсіздігі үшін басқару орындарының жауапкершілігі туралы ақпарат беру;

- 21 ғасырдың басында қоршаған ортада болып жатқан қауіптілік өз шыңына жетті. Қауіптіліктің пайда болуы және жоғары дәрежелі қауіптіліктің адамға әсері, көбінесе техносфераға тән. Техносферадағы халықтың денсаулығының төмендеуі мен өлімнің көбеюі, мемлекеттен адам өмірін қорғану мәселесі бойынша шара қолдануды талап етеді.

- “Адам – қоршаған орта” жүйесінде қауіпсіздіктің жоғары дәрежесіне жету: техносферадағы қауіптіліктің сандық және жоғарғы деңгейін қарастыру; адамның өлімінің және денсаулығының төмендеуінің себепін қарастыру; өндіріс, тұрмыстық орындарында және техносфера аймақтарында қауіпсіздік шараларын жүргізуге байланысты болып табылады.

Қорытынды:

- Қазіргі және болашақта халықтың денсаулығы мен өмірі үшін мемкелет қоршаған ортаның қауіптілігі туралы болжам ақпарат беру қажет. Адамның барлық өмірлік сатылары үшін қоршаған ортаның қауіптілігінен қорғану шараларын ұйымдастыру – адам біліктілігі болып табылады.

Қолданылған әдебиеттер:

- Безопасность жизнедеятельности. Учебник для ВУЗов (С.В. Белов и др Под общ. Ред. С.В.Белова) 3-е изд. М, высшая школа. 2001г.
- С.В. Белов Безопасность жизнедеятельности (“Безопасность жизнедеятельности” 2001г №1, с4-10).
- С.В. Белов Основные понятия, термины и определения в безопасности жизнедеятельности (“Безопасность жизнедеятельности” 2002г №2, с.37-40, №3-с. 37-43).
- Безопасность жизнедеятельности. Учебник для студентов средних проф. Учебник заведений (С.В. Белова и др Под общ. Ред. С.В.Белова) М, высшая школа. 2001г.